

Андатпа

Бизнес-процестерді басқаруда ақпараттың құпиялығын қамтамасыз ету маңызды аспекті. Соны ескере отырып, ақпаратты шифрлау әдісімен қорғау өзекті мәселе болып табылады. Бұл дипломдық жұмыста деректер базасын қорғауда эллиптикалық қисықтарымен шифрлау әдістерін қолдану ерекшеліктері қарастырылды.

Бұл жұмыстың экономикалық бөлімінде деректер базасын жобалау және шифрлау әдістерін бағдарламалау, сондай-ақ пайдаланушыларға қолайлы интерфейсін жасау үшін кеткен экономикалық шығындар есептелді.

Жұмыстың өмір қауіпсіздігі бөлімінде оңтайлы еңбек жағдайлары анықталды. Атап айтқанда, жасанды жарықтандыру және ауа көрсеткішін автоматты түрде бақылау қарастырылды.